

References

- 1 O borbe s korruptsiei: Zakon Respubliki Belarus ot 15.07.2015 g. № 305-Z [On the fight against corruption: Law of the Republic of Belarus of 15.07.2015 No. 305-3]. *pravo.by* Retrieved from https://pravo.by/upload/docs/op/H11500305_1437598800.pdf [in Russian].
- 2 Ozhegov, S.I. (1988). Slovar russkogo yazyka: Okolo. 57 000 slov [Dictionary of the Russian language: Ok. 57,000 words]. *Moscow* [in Russian].
- 3 Kobec, P.N. (2014). Razvitie teorii preduprezhdeniia pravonarushenii — osnova sovershenstvovaniia organizatsii borby s prestupnostiu [Development of the theory of crime prevention — the basis for improving the organization of combating crime]. Uholovno-pravovye, uholovno-protsessualnye i kriminalisticheskie voprosy borby s prestupnostiu: sbornik nauchnykh trudov po materialam Vserossiskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii / A.A. Tushev; V.D. Zelenskogo (Eds.). Krasnodar: KubGAU [in Russian].
- 4 Burlakov, V.N., & Sal'nikov, V.P. (Eds.). (1998). Kriminologiya [Criminology]. Saint Petersburg [in Russian].
- 5 Dulov, A.V., & Verenichikov, I.R. (1998). Profilakticheskaiia funktsiia yuridicheskoi psikhologii [Preventive function of legal psychology]. *Pravo i demokratiia — Law and democracy*, 9, 314–322 [in Russian].
- 6 Sal'nikov, V.P. (Ed.). (1999). Kriminologiya: slovar [Criminology: Dictionary]. Saint Petersburg [in Russian].
- 7 Khlus, A.M. (2013). Korruptsionnye riski v sfere obrazovaniia, puti ikh vyiavleniia i ustraneniia [Corruption risks in the field of education, ways to identify and eliminate them]. *Zakonnost i pravoporiadok. Pravovoi nauchno-prakticheskii zhurnal*, 2, 38–43 [in Russian].
- 8 Khlus, A.M. (2008). Kriminalisticheskie metody v sisteme mer protivodeistviia prestupnoi deiatelnosti v sfere ekonomiki [Forensic methods in the system of measures to counteract criminal activity in the sphere of economics]. *Pravovye sredstva obespecheniia razvitiia ekonomiki Respubliki Belarus. Minsk: Izdatelskii tsestr BGU* [in Russian].
- 9 Kodeks Respubliki Belarus ob obrazovanii: Kodeks Respubliki Belarus ot 13 yanvaria 2011 g. No. 243-Z: [Code of the Republic of Belarus on Education: Code of the Republic of Belarus dated January 13. 2011 No. 243-3]. *pravo.by* Retrieved from <https://www.pravo.by/document/?guid=3871&p0=hk1100243> [in Russian].
- 10 Vziatka v gimnazii: prokuror poprosil ne lishat Bondarenko svobody [Bribe in the gymnasium: the prosecutor asked not to deprive Bondarenko of freedom]. *sputnik.by* Retrieved from <https://sputnik.by/society/20161117/1026115635/vziatka-v-gimnazii-prokuror-poprosil-ne-lishat-bondarenko-svobody.html> [in Russian].
- 11 O predostavlenii i ispolzovanii bezvozmezdnoi (sponsorskoi) pomoshchi: Ukaz Prezidenta Respubliki Belarus ot 01.07.2005 g. No 300 [On the provision and use of gratuitous (sponsorship) assistance: Decree of the President of the Republic of Belarus dated 01.07.2005 No. 300]. *pravo.by* Retrieved from <https://www.pravo.by/document/?guid=3961&p0=P30500300> [in Russian].
- 12 Vospitanie [Education]. *ru.wikipedia.org* Retrieved from <https://ru.wikipedia.org/wiki/Vospitanie> [in Russian].
- 13 Stepanov, P.V. (2017). Poniatie «vospitanie» v sovremennykh pedagogicheskikh issledovaniiaakh [The concept of “Education in modern pedagogical research”]. *Sibirskii pedagogicheskii zhurnal — Siberian Pedagogical Journal*, 2, 121–129 [in Russian].
- 14 Godunov, I.V. (2012). Azbuka protivodeistviia korruptsii [The ABC of Countering Corruption]. *Moscow* [in Russian].
- 15 Safronova, I.V. & Khamitova, G.R., Fokeeva, I.M., & Sagdeeva, I.T. (2015). Antikorruptsionnoe vospitanie. Metodicheskie rekomendatsii po formirovaniu i realizatsii sistemy antikorruptsionnogo vospitaniia v doshkolnykh i obshcheobrazovatelnykh orhanizatsiiaakh Respubliki Tatarstan [Anti-corruption education. Methodical recommendations on the formation and implementation of the anti-corruption education system in preschool and general educational organizations of the Republic of Tatarstan]. *Kazan* [in Russian].
- 16 Klim, A.M. (2019). Antikorruptsionnoe obrazovanie i vospitanie kak sposob povysheniia pravovoi kultury [Anti-corruption education and upbringing as a way to improve legal culture]. *Pravovaia kultura v sovremennom obshchestve: sbornik nauchnykh statei. Mogilev: Mogilevskii institut MVD* [in Russian].
- 17 Babij, N.A. & et al. (2016). Protivodeistvie korruptsii: uchebnoe posobie [Anti-corruption: textbook. allowance]. *Minsk* [in Russian].
- 18 Sm. naprimer.: Kurdyukov, B.F. Antikorruptsionnoe obrazovanie studentov v vuzakh fizicheskoi kultury [Anti-corruption education of students in universities of physical culture]. *cyberleninka.ru* Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/antikorrupsionnoe-obrazovanie-studentov-v-vuzah-fizicheskoy-kultury/viewer> [in Russian]; Shedi, M.V. (2014). Antikorruptsionnoe obrazovanie kadrov kak faktor povysheniia effektivnosti gosudarstvennoi politiki protivodeistviia korruptsii [Anti-corruption education of personnel as a factor in increasing the efficiency of state policy of countering corruption]. *Vestnik gosudarstvennogo i munitsipalnogo upravleniia — Bulletin of State and Municipal Administration*, 2/1(12), 150–154 [in Russian].
- 19 Cit. po: Kicheva, I.V., & Brodzeli, L.O. Antikorruptsionnoe vospitanie: mirovoi opyt i rossiiskaia praktika [Anti-corruption education: world experience and Russian practice]. *cyberleninka.ru* Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/an-tikorruptsionnoe-vospitanie-mirovoy-opyt-i-rossiyskaya-praktika/viewer> [in Russian].
- 20 Chaldini, R.B. (2019). Psihologiya vliianiia [Psychology of influence]. *Saint Petersburg* [in Russian].
- 21 Moshkovich, M. (2009). V poiskakh gena korruptsii [In search of the corruption gene]. *EZH-YURist — EJ-Lawyer*, 10, 4–10 [in Russian].
- 22 Khlus, A.M. (2020). Problemnye aspekty razrabotki strategii protivodeistviia korruptsii [Problematic aspects of developing a strategy for countering corruption]. *Kontseptualnye osnovy strategii borby s korruptsiei. Minsk* [in Russian].
- 23 Zudin, V.F. (1983). Sotsialnaia profilaktika prestuplenii (kriminologicheskie i kriminalisticheskie problemy) [Social prevention of crimes (criminological and forensic problems)]. *Saratov* [in Russian].

Б.Ж. Айтимов*, Б.А. Сериев, Д.Н. Бекежанов

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан
(E-mail: bola_30081978@mail.ru, seriev_bolat@mail.ru, bek_dauren@mail.ru
ORCID ID 0000-0001-7928-8550, Scopus Author ID 56809373000)*

Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзуда қылмыстың құрамын саралаудың ерекшеліктері

Мақалада экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір түрі шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу қылмысының құрамын саралаудың ерекшеліктері қаралған. Аталмыш қылмыс тәжірибеде өте сирек кездеседі, мұны осы қылмыстың құрамына байланысты сот тәжірибесінде кездеспеуінен аңғаруға болады. Мұның себептері де жоқ емес. Мұндағы басты себеп бұл қылмыс еліміз бойынша мүлдем жасалмайды дегенде емес. Керісінше оның құрамын саралау, жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекетті қылмыс деп тануға мүмкіндік беретін теориялық зерттеулердің аздығы, нәтижесінде қылмыспен күрестегі органдардың осы қылмыс тұрғысындағы біліктерінің болмауынан деп білеміз. Зерттеудің мақсаты ҚР Қылмыстық кодексінің 324-бабында қаралған қылмыстың құрамын саралаудағы ерекшеліктер мен қиындықтарды анықтау, оны шешудің жолдарын қарастыру, сол арқылы қылмыстың ашылуын қамтамасыз ету. Мақалада Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабының құрамын саралаудағы қиындықтың ең алғашқысы оның объектісін анықтау екені көрсетілген. Оның басты себебі, норманың бланкеттік болуы. Қылмысты жасауда субъект шаруашылық және өзге де қызметті жүргізуде қоршаған ортаны қорғаудың талаптарына қол сұғады, мұндай талаптар ҚР Экологиялық кодексінде және өзге де қоршаған ортаны қорғауға арналған жер, су, жер қойнауы туралы заңнамаларда жеке-жеке бекітілген. Ғылыми зерттеудің статистикалық, талдау мен синтездеу сияқты әдістерін пайдалана отырып, қылмыстың құрамы сараланды. Жасалған зерттеулердің нәтижесінде шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу қылмысының құрамын саралаудың негізгі сәттері, қылмысты тергеудегі қажетті білімдер мен дағдылар анықталды.

Кілт сөздер: экологиялық қылмыс, шаруашылық қызмет, экологиялық талап, қоршаған орта, экологиялық қауіпсіздік.

Kіpіcнe

Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу нәтижесінде туындайтын қылмыстар туралы тәжірибелік материалдарды кездестіру қиын. Зерттеу барысында анықтағанымыздай шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу құқықтық статистикасы бар, алайда бұл қылмыс үшін жауаптылыққа тартылғандардың саны жоқтың қасы екенін көрсетті.

Шаруашылық не өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу қылмысы (ҚР ҚК-ның 324-бабы) 2008–2017 жылдар аралығында елімізде тіркелген. Оған сәйкес аталмыш қылмыс бойынша сотталғандардың саны — 1 (2008 жыл), тіркелген қылмыстардың саны — 29, 2008–2017 жылдар аралығында осы қылмыс бойынша — 91 іс бойынша қылмыстық қудалау тоқтатылған, қылмыстың субъектісінің анықталмауына байланысты 15 іс тоқтатылған, қылмыс бойынша аяқталған қылмыстық істер — 13 (1-кесте) [1].

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: bola_30081978@mail.ru.

Жылдар	Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны	Қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық қудалау тоқтатылған	Қылмыстық іс бойынша сот ісін жүргізу тоқтатыла тұрған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны	Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның анықталмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатыла тұрған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны	Қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша аяқталған қылмыстық істер саны	Қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша бойынша сотқа жіберілген қылмыстық істер саны	Сотталғандар
2008	1	-	-	-	-	-	1
2009	-	-	-	-	-	-	-
2010	-	-	-	-	-	-	-
2011	3	2	-	1	-	-	-
2012	-	-	-	-	-	-	-
2013	3	2	-	1	-	-	-
2014	3	1	-	1	1	-	-
2015	5	41	-	2	2	-	-
2016	9	33	-	6	6	-	-
2017	5	12	-	4	4	-	-
Барлығы	29	91	-	15	13	-	1

Аталмыш қылмыс бойынша құқықтық статистика мен жауапкершілікке тарту көрсеткішінің өте аз болуының басты себебі қылмыс құрамын саралау мен іс-әрекетті қылмыстық іс-әрекет деп тануға мүмкіндік беретін теориялық зерттеулердің аздығынан және соның нәтижесінде қылмыспен күрес органдары қызметкерлерінің теориялық, тәжірибелік дағдылары мен біліктерінің болмауынан деп білеміз.

Сонымен қатар, мұндай қылмыстар бойынша қылмыстық істердің сирек кездесуін оның құрамының материалдық құрам екендігінен көреміз. Қылмыстың құрамы бар деп саналуы үшін кем дегенде ірі залал, яғни 1000 АЕК көлемінде қоршаған ортаға залал келтіруді талап етеді. АЕК көлемінің жоғары және оның мөлшерінің жыл сайын өсетінен ескерсек, статистиканың болмауына таң қалудың да қажеті жоқ деп есептейміз. Бұған қарамастан еліміздің қоршаған ортасы ластануы артып келеді және ол табиғи ресурстарды пайдалану, кәсіпорындарды орналастыруда келтірілетін залал нәтижесінде болып отырғаны анық.

Қоршаған ортаның басқа да жағымсыз әсерлері сияқты қоршаған ортаның ластануы адамның шаруашылық іс-әрекеті процесінде пайда болады. Қалай болғанда да, тұрғын немесе өндірістік ғимараттар салуда, коммуникациялар жүргізуде, өндірістік кәсіпорындардың жұмыс істеуі барысында, тасымалдау, егін алқабын агрохимиялық өңдеу кезінде қоршаған ортаға әсер етпей қоймайды, алайда мұндай әсерден болатын зиянды азайтпай болмайды.

Сондықтан да, заңнамада қоршаған ортаны шаруашылық немесе басқа да қызметтер (өзге де қызмет — бұл тұрмыстық, тұтынушылық қызметтер, оның нәтижесінде көп мөлшерде қалдықтар пайда болады, сондай-ақ бұл ғылыми қызмет, себебі ол көбінесе ядролық не басқа да сынақтармен байланысты болып келеді және де бұл қорғаныс кешенінің шаруашылық қызметі) процесінде келтірілетін зияннан қорғауға ерекше көңіл бөлінеді. Занда белгіленген экономикалық реттеу әдістері, қоршаған ортаға әсер етудің нормативтері, экологиялық мониторинг, экологиялық бақылау жүргізу, тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және де құқық бұзушыларға жауапкершілік шараларын қолдану осы мақсатқа қызмет етеді.

Жоғарыдағылардың негізінде, ҚР Қылмыстық кодексінің 324-бабында қаралған қылмыстың құрамын саралаудағы ерекшеліктер мен қиындықтарды анықтау, оны шешудің жолдарын қарастыру, сол арқылы қылмыстың ашылуын қамтамасыз ету зерттеудің мақсаты ретінде алынды.

Шаруашылық және басқа да қызметті жүргізуде қоршаған ортаны қорғаудың талаптары 2007 жылғы 9 қаңтарда қабылданған № 212 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 8-бөлімінде қарастырылады [2]. Бұл талаптарды шартты түрде төмендегідей бөліп қарастыруға болады:

- 1) шаруашылық және басқа қызметтерге қойылатын жалпы талаптар;
- 2) жекелеген шаруашылық салаларына ерекше талаптар;
- 3) қауіпті заттармен жұмыс істеу және олардың айналымына қойылатын талаптар;
- 4) қалдықтармен жұмыс жасау және олардың айналымына қойылатын талаптар.

Жоғарыда көрсетілген шаруашылық не өзге де қызметті жүргізуге қойылатын экологиялық заңнаманың жалпы талаптарын бұзу 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабының құрамында қаралған [3]. Сәйкесінше, зерттеу жұмысымыздың негізгі міндеттері ретінде:

- қылмыстың құрамын анықтауда жоғарыда көрсетілген талаптардың мазмұнын ашу;
- қылмыстың объектісін анықтаудағы ерекшеліктерге тоқталу;
- қылмыстық іс-әрекет ретінде танылатын әрекет немесе әрекетсіздікті талдау;
- аталмыш қылмыс субъектісі белгілерін қарастыру;
- субъективтік жағының өзге экологиялық қылмыстардан ерекшелігін зерделеу алынды.

Шаруашылық немесе өзге де қызметті жүргізуге қойылатын экологиялық талаптарды бұзу қылмысын зерттей келе, қазақстандық заңгер ғалымдар тарапынан бұл тақырыптардағы зерттеудің аз екендігін байқалды. Шаруашылық және басқа да қызметті жүргізуде қоршаған ортаны қорғаудың талаптары туралы экологиялық құқық саласы бағытында С.Т. Культелеев [4], Ә.Стамқұлұлы [5] сынды ғалымдардың зерттеулері, ал қылмыстық құқық саласында А.Н. Ағыбаев, И.Ш. Борчашвилидің еңбектерінде көрініс тапқан. Алайда, аталмыш зерттеулерде осы қылмысты саралаудың жекелеген ерекшеліктеріне егжей-тегжейлі тоқталмаған.

Әдістер мен қолданылған материалдар

Мақаланы жазуда шаруашылық не өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу қылмысының қоғамда кездесуін қарастыруда статистикалық әдістер, қылмыстың құрамын саралауда, оның хронологиясын қалыптастыруда талдау мен синтездеу, ғылыми зерттеу әдістері қолданылды. Статистикалық материалдарда ҚР Әділет министрлігінің Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтымен жүргізілген «Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мәселелері» тақырыбындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерінің мәліметтері пайдаланылды. Сонымен қатар, қазақстандық ғалымдар А.Н. Ағыбаев, И.Ш. Борчашвилидің, ресейлік ғалымдар С.А. Боголюбов, М.М. Бринчуктың еңбектері зерделенді.

Нәтижелер

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 10-бабы қылмыстық құқық бұзушылықтың қылмыс және қылмыстық теріс қылық сияқты түрлерінің ұғымдарын қарастырған. Қолданыстағы Қылмыстық кодекстің 324-бабын жоғарыда аталған 10-баптың нормаларына сәйкес талдайтын болсақ, қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай қылмыс болып табылатынын байқауға болады. Себебі, 324-баптың құрамына сәйкес шаруашылық немесе басқа да қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу ірі залалға немесе адамның денсаулығына зиян келтіруі тиіс [3]. Бұдан байқайтынымыз, қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай шаруашылық не өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу қоғамға қауіпті іс-әрекет ретінде болмашы ғана зиян алып келмейді, ірі залалға алып келуі тиіс. Сонда ғана ол қылмыс деп танылып, ҚР Қылмыстық кодексінің 324-бабының құрамында қаралған қоғамға қауіпті іс-әрекетті құрайды. Сонымен қатар, жазаланушылығына қарай да 324-бапты қылмыс деп танымыз. Мұндағы шаруашылық немесе өзге де қызметтерге қойылатын экологиялық талаптарды бұза отырып, ірі залал немесе адам денсаулығына зиян келтіргені үшін 3 мың АЕК мөлшерінде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, 800 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, бас бостандығын шектеуге, бас бостандығынан айыруға жазаланады. Көзделген жазалар ҚР Қылмыстық кодексінің 40-бабының 2-тармағына сәйкес қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылатын адамға тағайындалатын жазалар болып табылады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 11-бабына сәйкес қылмыстар сипаты және қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай онша ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр болып бөлінеді. Біз қарастырып отырған, ҚР ҚК-ның 324-бабының 1-бөлігі санатына қарай ауырлығы орташа қылмыс болып табылады. Себебі, қылмыс кінәнің қасақана нысанында жасалады және ол үшін 3 жылға дейінгі мерзімде бас бостандығынан айыру жазасы көзделеді. ҚР ҚК-ның 324-бабының 2-бөлігі ауырлататын құрам болғандықтан (аса ірі залал келтіреді, адам өліміне не адамдардың жаппай

сырқаттануына алып келуі тиіс) 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырыла отырып, ауыр қылмыс ретінде танылған.

2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабының құрамын төмендегідей мысалды саралай отырып қарастырайық. «Қазақстан» телеарнасының Батыс Қазақстандағы тілшісінің хабарлауынша «Мұнай Автотранс» ЖШС-ның директоры А. Жахановтың бұйрығымен бұрғылау қалдықтары 2010–2012 жылдар аралығында елді мекендердің маңына төгіліп келген. Бұл «Рожков» кен орнын бұрғылау кезінде пайда болған зиянды заттар. Салдарынан қоршаған ортаға 911 млн-нан астам шығын келтірген [6].

Шаруашылық не өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу қылмысының құрамын анықтаудағы ең басты ауыртпашылықтар оның объектісін анықтауда көрінеді. ҚР ҚК-ның 324-бабында қаралған қылмыстың *тікелей объектісі* болып шаруашылық не өзге де қызметтерге қойылатын жалпы экологиялық талаптарды қамтамасыз етумен байланысты қоғамдық қатынастарды атаймыз [7; 313]. Дәлірек айтсақ, жоғарыдағы мысал ретінде алынған хабарламадағы қылмыскер А. Жаханов 2007 жылғы 9 қаңтарда қабылданған № 212 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 288-бабында қаралған мұнай өнеркәсібі қалдықтарымен жұмыс істеу кезіндегі жалпы экологиялық талаптарды орындаумен қорғалатын экологиялық қатынастарға қол сұққан. Оған сәйкес А. Жаханов мұнай бұрғылау нәтижесінде пайда болған қалдықтарды қоршаған ортаға зияны келмейтіндей етіп көмудің не оларды кәдеге жаратудың (қалдықсыз өнеркәсіп), қайта өңдеудің, немесе қауіпсіз жоюдың іс-шараларын қабылдауы қажет еді. Алайда «Мұнай автотранс» ЖШС-ның лауазымды тұлғасы бола отырып А. Жаханов мұндай міндеттерді орындамаған. Бұл өз кезегінде мұнай қалдықтары төгілген елді мекендердің тұрғындарының қолайлы қоршаған ортада өмір сүру құқығын бұзған, сол арқылы мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігіне қол сұққан. Қылмыстың заты деп қоршаған ортаға келтірген аса ірі залалды атаймыз.

Объективтік жағы төмендегідей міндетті белгілермен сипатталады:

а) 324-баптың диспозициясында қаралған қызметтердің біреуін болса да жүзеге асыру барысында экологиялық талаптарды бұзуға алып келген *іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік)*. Бұл мынандай қызметтер болуы мүмкін: табиғи ресурстарды пайдалану, кәсіпорындарды, құрылысты не өзге де объектілерді жобалау, оларды орналастыру, салу не реконструкциялау, пайдалануға беру, не пайдалану, өнеркәсіп, энергетика, сондай-ақ көлік не байланыс объектілері, ауыл шаруашылығы мақсатындағы және де мелиорация объектілерін пайдалану, қалалар мен өзге де елді мекендерді салу кезінде әскери не қорғаныс объектілері, ғарыш қызметі т.б. Іс-әрекеттің аралас нысанында көбірек кездесуі мүмкін. Экологиялық қауіпсіздік талаптарын бұзуда жасалған *әрекеттер* мен *тікелей жасалған тыйымдарды немесе талаптардағы нұсқауларды орындамаудағы әрекетсіздік*. Жоғарыдағы мысалға сәйкес «Мұнай Автотранс» ЖШС-ның директоры А. Жаханов мұнай өнеркәсібі шаруашылығы қызметі барысында пайда болатын қалдықтарды сақтауда экологиялық және санитарлық талаптарды сақтамай, елді мекендер аумағына төгуге бұйрық беру арқылы әрекет (әрекетті алдын ала жоспарлайды, қалдықтарды төгетін орындарды алдын ала белгілейді, елді мекен аумақтарына төгуге бұйрық береді) жасаса, оларды кәдеге жарату мен қайта өңдеуде, қауіпсіз жоюдың іс-шараларын қарастырмау (арнайы полигондар салуды жоспарлау, оны оған қаражат бөлу, оны салу мен қалдықтарды қауіпсіз жою жөніндегі міндеттерді орындамау) арқылы әрекетсіздік танытқан;

ә) қоршаған ортаға алып келген не алып келуі мүмкін кем дегенде ірі залалмен (2-бөлігінде аса ірі залал) немесе адамның денсаулығына зиян (жеңіл не орта, тіпті ауыр болғанының ешқайсысы маңызды емес) келтірумен, сондай-ақ адамның өліміне алып келуімен, не адамдардың жаппай сырқаттануымен көрініс табатын *қоғамға қауіпті зардан*. Мысалға сәйкес заңды тұлғаның директоры А. Жаханов қоршаған ортаға 911 млн көлемінде залал келтірген. Бұл ҚР ҚК-ның 3-бабы 3-тармағына сәйкес 20000 АЕК-тен жоғары болғандықтан аса ірі залал деп есептеледі. Сондықтан да, «Мұнай Автотранс» ЖШС-ның директоры А. Жахановтың іс-әрекеті ҚР ҚК-ның 324-бабы 2-тармағына сәйкес сараланады. «Біз қарастырып отырған қылмыс бойынша істердің қозғалып аяғына дейін жеткізілмеуінің де басты себебінің бірі осы қылмыс құрамының материалды болуында» [8; 296], – деп көрсеткен ресейлік авторлардың пікірімен келісеміз.

Бұл қылмысты тергеуде қызметкердің шаруашылық қызметке қойылатын экологиялық талаптарды білуі, оны сақтамаудың салдарынан келтірілген зиян мөлшерін есепке алу мен анықтауда қажетті сараптамааларды тағайындаудағы біліктерінің болуына тікелей байланысты. Жоғарыдағы статистикаға сүйенсек, 2017 жылы ҚР ҚК 324-бабы бойынша 12 қылмыстық іс тоқтатылған, 4

қылмыстық іс оның субъектісі анықталмауына байланысты тоқтатылған, 4 қылмыстық іс аяқталған, алайда зардап мөлшерінің жеткіліксіздігіне байланысты қылмыстық жауаптылыққа тартылмаған.

б) 324-баптың диспозициясында көзделген қызметтерді жүзеге асыру барысында экологиялық талаптарды бұзуға алып келген іс-әрекет пен орнаған қоғамға қауіпті зардаптың арасындағы *себебті байланыс*. Бұл жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мен келтірілген зардаптың арасындағы заңға сәйкес, қажетті байланыстарды анықтау арқылы жүзеге асырылады. Мысалға сәйкес, «Қазақстан» телеарнасының Батыс Қазақстандағы тілшісінің хабарламасынан мұндай байланыс атап айтылған жоқ. Егер «Мұнай Автотранс» ЖШС-ның директоры А. Жахановтың мұнай қалдықтарын елді мекен аумағына төгу арқылы қоршаған ортаға 911 млн-ға жуық зиян келтіруі себебін анықтап көрсек, бұдан мұнай қалдықтарын қауіпсіз жою немесе кәдеге жарату, қайта өңдеу іс-шараларын қарастырмауда оған кетіретін шығынды үнемдеу, сол арқылы пайда көру екенін байқауға болады. Алайда қылмысты саралауда мұндай ниеттің болған не болмағаны маңызды емес.

Қылмыс 324-баптың диспозициясында көзделген қоғамға қауіпті зардаптардың біреуінің болса да орнаған жағдайда аяқталған деп саналады. Яғни шаруашылық не басқа да қызметтерді жүргізуде экологиялық талаптарды бұзу ғана маңызды емес, міндетті түрде қоғамға қауіпті зардап туындауы не зардаптың туындауына әкеп соғуы қажет немесе адамның денсаулығына зиян келтіруі тиіс. Мұндай қоғамға қауіпті зардап ретінде қоршаған ортаға ірі залал келуін не келтіру қаупін тудыруды талап еткен. Ірі залал деп ҚР ҚК-ның 3-бабы 3-тармағына сәйкес қоршаған ортаны қалпына келтіру үшін немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру мақсатында қажетті 1000 АЕК-тен асатын мөлшердегі құндық көрінісін айтамыз [3].

Ірі залал келтіруге әкеп соғуы мүмкін жағдайлар деп шаруашылық не өзге де қызметтерді жүргізуде экологиялық талаптарды бұзады, алайда қылмыс әшкере болған уақытта қоршаған ортаға әлі ірі залал келмеген жағдайларды атаймыз.

324-бап диспозициясында адамның денсаулығына зиянның келуінің мөлшері қарастырылмаған. Демек, денсаулыққа зиянның жеңіл, орта немесе ауыр болуы шарт емес деп есептейміз.

Осы баптың 2-тармағы ауырлататын мән-жайларды қарастырған. Оған сәйкес, аса ірі залал келтіруі немесе адам өліміне, сондай-ақ адамдардың жаппай сырқаттануына алып келуі тиіс. Мұндағы аса ірі залал деп ҚР ҚК-ның 3-бабының 3-тармағына сәйкес қоршаған ортаны қалпына келтіру үшін немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру мақсатында қажетті шығынның 20000 АЕК-тен асатын мөлшердегі құндық көрінісі айтылады [3]. Сонымен қатар, шаруашылық не өзге де қызметтерді іске асыруда экологиялық талаптарды бұзу нәтижесінде бір адамның өліміне алып келуі немесе үш адамнан артық адамдардың сырқаттануына алып келу де ауырлататын мән-жай ретінде қаралады.

Қылмыс құрамын анықтаудағы ең қиын тұстарының бірі де осы зардаптардың мөлшерін анықтау десек, сонымен қатар адам денсаулығына дәл осы шаруашылық не өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды орындамаудан келгенін дәлелдеудің мүмкіндігінің төмендігі. Қазіргі уақытта медициналық көмекке жүгінген азаматтарға, қоршаған орта өзгерістеріне осындай бағыттағы сараптамалар адамдардың жаппай сырқаттануы уақытында ғана болмаса, өзге жағдайларда жасалған емес.

2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 15-бабы 1-тармағына сәйкес бұл қылмыстың *субъектісі* болып 16 жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға. Кейбір авторлар жалпы белгілеріне сәйкес қылмыс субъектісі 16 жасқа толуы және де өзінің іс-әрекетіне жауап бере алу мүмкіндігіне ие болса жеткілікті [9; 126–139] деп көрсеткен. ҚР ҚК-ның 324-бабының диспозициясының мазмұнына сәйкес қылмыс субъектісі кез келген кінәлі тұлға емес, арнайы субъект деп есептейміз. Яғни, өзінің қызметтік немесе лауазымдық жағдайына байланысты немесе ерекше тапсырмаға байланысты шаруашылықтың түрлі қызметтерін жүргізуде экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауға жауапты тұлға. «Мұнай Автотранс» ЖШС-ның директоры А. Жаханов өзінің басшылық қызметіне сәйкес мұнай өнеркәсібі шаруашылығын жүргізуде мұнай қалдықтарын сақтау мен оның қауіпсіз жою, кәдеге жарату мен қайта өңдеу жөніндегі шараларды жүргізуге міндеттелген адам. Осыдан сәйкес шаруашылық не өзге қызметтегі басшылық қызметті атқаратын немесе өзінің функционалды қызметіне сәйкес экологиялық талаптарды сақтау міндеті жүктелген адам қылмыстың субъектісі ретінде танылуы тиіс деп есептейміз.

Қылмыстың *субъективті жағы* кінәнің екі нысанындағы іс-әрекеттерді жасауда көрініс табады. Іс-әрекетті жасауда кінәнің қасақана нысанында болса, оның қоғамға қауіпті зардаптарының туындауына қатысты абайсыз нысанында жасалады. Яғни «Мұнай Автотранс» ЖШС-ның директоры

А. Жаханов мұнай қалдықтарын елді мекендердің маңына төгудің заңсыз екенін білді, себебі мұнай өнеркәсібі шаруашылығымен айналысқан ол мұнай қалдықтарымен жұмыс жасауда заңнамада экологиялық талаптар қарастырылғанын біледі, қалдықтарды қауіпсіз көмуге байланысты шараларға кететін шығындарды үнемдегісі келіп, мұнай қалдықтарын елді мекен аумақтарына төгуге бұйрық берді. Осы іс-әрекеті кінәнің қасақана нысанының тікелей түрімен жасалған іс-әрекет болып табылады. Сондай-ақ, А. Жаханов өз іс-әрекетінің нәтижесінде қоршаған ортаға аса ірі көлемде зардаптардың келуін болжап білді, бірақ бұған жеткілікті негіздерсіз менмендікпен оларды болдырмауға болады деп есептеген немесе болжап білмеген күнде де, оларды болжап білуге тиісті тұлға болған. Мұндай қоғамға қауіпті зардаптарының туындауына қатысты келтірілген зардап кінәнің абайсызда нысанында жасалды деп танылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 22-бабына сәйкес тұтастай алғанда мұндай қылмыстар қасақана жасалған деп есептеледі.

Талқылау

Шаруашылық не өзге де қызметтер жүргізуде экологиялық талаптарды бұзу бірнеше рет болуына карамастан жеке құрамдағы (жай) бір қылмыс ретінде ғана қаралады. Яғни, мұндағы маңызды жағы мұнай қалдықтарының бір немесе бірнеше рет төгілуі емес. Келтірілген зиянның мөлшеріне байланысты болады. ҚР ҚК-ның 324-бабында қаралған қылмыс көбіне көп осы кодекстің 13-тарауында көзделген өзге де экологиялық қылмыстармен қатар жасалып, қылмыстардың жиынтығында қаралады.

ҚР ҚК-ның 324-бабының диспозициясында бұл қылмыстың сыбайлас қатысушылықпен жасалуы қарастырылмаған. Сондықтан да шаруашылық не өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзуды қылмыстың арнайы субъектісі жеке дара жасайды. Оның бұйрығымен бұл талаптарды бұзуға әрекет жасаған, ол талаптарды сақтауға қызметтік немесе лауазымдық жағдайына байланысты немесе ерекше тапсырмаға байланысты шаруашылықтың түрлі қызметтерін жүргізуде экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауға жауапты емес тұлға бұл қылмыстың сыбайлас қатысушысы деп есептелмейді. Жоғарыдағы мысалға сәйкес «Мұнай Автотранс» ЖШС-ның директоры А. Жаханов мұнай қалдықтарын елді мекен маңына төгуге бұйрық берген. Оны жүзеге асырған мұнай тасымалын жүзеге асыратын көлік жүргізушілері немесе бұрғылау қызметкерлері бұл қылмысқа қатысты деп есептелмейді.

ҚР ҚК-ның 324-бабында көзделген іс-әрекеттерді жасап, қоғамға қауіпті зардаптарға алып келгені үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру сияқты жазаның негізгі түрлерімен қатар, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру сияқты қосымша түрі де қаралған. Айыппұл салу, түзеу жұмыстары АЕК-тің 3000 мөлшерінде белгіленсе, 800 сағатқа дейінгі мөлшерде қоғамдық жұмыстарға тарту белгіленген. Бас бостандығын шектеу 3 жылға дейінгі мөлшерде, ал бас бостандығынан айыру жазасы 3 жыл, 3 жылдан 7 жылға дейінгі мөлшерде қаралған. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жаза 2 жылға дейін, ауырлататын мән-жайда 3 жылға дейін деп қарастырылған. Жоғарыда қаралған мысалға сәйкес «Мұнай Автотранс» ЖШС-ның директоры А. Жахановтың іс-әрекеті аса ірі залал келтіргені үшін ҚР ҚК-ның 324-бабының 2-тармағы бойынша сараланып, оған 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімде бас бостандығын айыру түріндегі жаза тағайындалады. Және де оған соттың шешімімен алдағы уақытта 3 жылға дейінгі мерзімге заңды тұлғаның басшы қызметін атқару құқығынан айыру түріндегі жаза тағайындалуы мүмкін. Егер де «Мұнай Автотранс» ЖШС-ның директоры А. Жаханов ҚР ҚК-ның 53-бабының 1-бөлігінің 6-тармақшасына сәйкес қылмыс салдарынан келтірілген зиянның орнын толтырған, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 11-тармақшасына сәйкес шын ниетпен өкінген, айыбын мойындаған жағдайда жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жайлар ретінде ескерілуі мүмкін.

Сондай-ақ, жоғарыда көрсетілген жағдайлар азамат А. Жахановты ҚР ҚК-ның 65-бабы 1-тармағына сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босатуға алып келуі мүмкін жағдай болып саналады. Себебі, ҚР ҚК-ның 324-бабының құрамындағы қылмысты алғаш рет жасаған адам айыбын мойындап, қылмыспен келтірілген зиянды қалпына келтіруі ескеріле отырып, шынайы өкінді деп есептеледі және де қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Сонымен бірге, ҚР ҚК-інің 67-бабында көзделгеніндей процестік келісімнің талаптарын орындаған жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылу мүмкіндігі де бар.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түрлеріне қарай жіктейтін болсақ [10; 67], ҚР ҚК-ның 324-бабын төмендегіше қарастырамыз:

Қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай қылмыс негізгі және ауырлататын құрамдардан тұрады. Негізгі құрамда «Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу» қылмысының негізгі белгілері айқындалған. Онда мұндай экологиялық талаптар қойылатын қызмет түрлері, және бұзған жағдайда алып келуі тиіс зардаптардың бастапқы мөлшері сипатталады. ҚР ҚК-ның 324-бабының 2-тармағы ауырлататын құрам ретінде қаралған. Мұнда келтірілген зиянның мөлшері артады немесе адам өліміне, адамдардың жаппай сырқаттануына алып келеді.

Сипатталу тәсіліне қарай қылмыс күрделі құрамдағы қылмыс деп танылады. Себебі мұнда қылмыстың құрамының объективті жағы күрделенеді. Яғни, субъект шаруашылық не басқа да қызметтерге қойылатын экологиялық талаптарды бұза отырып, келтіретін залалдардың бірнешеуі қарастырылады. Бұл қоршаған ортаға келтірілген ірі (аса ірі) залал, адам денсаулығына келтірілген зиян, адамның өлімі не адамдардың жаппай сырқаттануы болуы мүмкін.

Құрылысына қарай қылмыс материалдық құрам болып табылады. Яғни шаруашылық немесе басқа да қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу жеткіліксіз. Мұндағы қылмыс құрамы қоршаған ортаға кемінде ірі залал, адам денсаулығына зиян, аса ірі залал, адам өлімі немесе адамдардың жаппай сырқаттануына алып келуін талап етеді.

Қорытынды

Жоғарыда ҚР Қылмыстық кодексінің 324-бабының қылмыс құрамын саралаудың негізгі сәттері айқындалды. Ізденіс нәтижесінде мұндай қылмыс бойынша соңғы жылдарда мүлдем статистика жоқ екендігін байқадық. Алайда бұл бізде қоршаған ортаның жағдайы жақсы және шаруашылық қызметі нәтижесінде ешқандай залал келтірмейді дегенді білдірмейді. Сондықтан да, болашақ зерттеулер үшін 324-баптың қылмыс құрамын анықтаудың негізгі ерекшеліктеріне тоқталуға тырыстық. Нәтижесінде:

а) қылмыс құрамының объектісін анықтау үшін істі қарауға алған органның, лауазымды тұлғаның арнайы экологиялық білімдері мен дағдыларының жеткілікті болуын талап етеді;

ә) қылмыстың объективтік жағының қоғамға қауіпті іс-әрекетін дәлелдеуде еңбек заңнамасына сәйкес лауазымды тұлғаның міндеттері жүйесін қарастыра отырып талдануы қажеттігі анықталды. Себебі, әрекетсіздік не әрекет деп санау үшін кәсіпорынның не оның орналастыруға рұқсат беретін адамның құқықтары мен міндеттері жүйесін анықтап алмаса болмайды;

б) келтірілген қоғамға қауіпті зардаптың мөлшерін төмендетудің маңызы зор, олай болмаған жағдайда 1000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі залал келтіретін мұндай іс-әрекеттер әкімшілік құқық бұзушылық ретінде есептеліп, қоршаған ортаға қалпына келтіруге мүмкіндік бермейтіндей (25–60 АЕК) мөлшерде айыппұл төлеумен шектеледі;

в) ҚР ҚК-ның 324-бабының диспозициясының мазмұнына сәйкес қылмыс субъектісі кез келген кінәлі тұлға емес, арнайы субъект. Яғни өзінің қызметтік немесе лауазымдық жағдайына байланысты немесе ерекше тапсырмаға байланысты шаруашылықтың түрлі қызметтерін жүргізуде экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауға жауапты тұлға;

г) аталмыш бап бойынша қылмыстар кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстар болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 Проблемы совершенствования законодательства Республики Казахстан об ответственности за экологические уголовные правонарушения. Отчет об итогах фундаментального и прикладного научного исследования 2018 г. [Электронный ресурс] // Режим доступа: http://www.zqai.kz/sites/default/files/monogr.po_ekolog_pravonar.pdf.

2 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Экологиялық кодексі [Электронды ресурс] // Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212_.

3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [Электронды ресурс] // Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.

4 Культелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан. Общая часть: учеб. пос. / С.Т. Культелеев. — Алматы: Изд-во «NURPRESS», 2011. — 432 с.

5 Стамқұлұлы Ә. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы: Оқулық / Ә. Стамқұлұлы. — Алматы: Жеті Жарғы, 1995. — 204 б.

- 6 Экологиялық қылмыс жасаған азамат жазаланды: [Электронды ресурс]. Қолжетімділік тәртібі: <https://www.youtube.com/watch?v=9QIcPIhmyzg>.
- 7 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: Оқулық / А.Н. Ағыбаев. — Алматы: Жеті Жарғы, 2015. — 607 б.
- 8 Бринчук М.М. Экологическое право: учеб. — 4-е изд. / М.М. Бринчук. — М.: Эксмо, 2010. — 668 с.
- 9 Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть. — Т. 1 / И.Ш. Борчашвили. — Алматы: Жеті жарғы, 2015. — С. 126–139.
- 10 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқу құралы / А.Н. Ағыбаев. — Алматы: Қазақ университеті, 2016. — 276 б.

Б.Ж. Айтимов, Б.А. Сериев, Д.Н. Бекежанов

Особенности квалификации состава преступления при нарушении экологических требований к хозяйственной или иной деятельности

В статье рассмотрены особенности квалификации состава преступления при нарушении экологических требований к хозяйственной или иной деятельности как одного из видов экологических уголовных правонарушений. Это преступление очень редко встречается на практике, что видно по отсутствию судебной практики в зависимости от характера преступления. Есть много причин для этого, одной из основных является отсутствие теоретических исследований, позволяющих признать состав общественно опасного деяния преступлением, рассмотренным ст. 324 УК РК, а также недостаточной компетентностью представителей органов, расследующих данные преступные деяния. В качестве цели исследования выступают определение особенностей и трудности при квалификации преступления, рассмотренного в ст. 324 УК РК, а также путей его решения и обеспечения его раскрытия. Авторами отмечено, что основной сложностью квалификации состава преступления по ст. 324 Уголовного кодекса Республики Казахстан является определение объекта преступления. Они полагают, что основная его причина кроется в бланкетности нормы. В совершении данного преступления субъект посягает на экологические требования к хозяйственной или иной деятельности, которые рассматриваются в Экологическом кодексе РК, а также в Земельном, Водном и других законодательствах, регулирующих защиту окружающей среды. В статье квалифицирован состав преступления, использованы методы статистики, анализа и синтеза. Изучены основные моменты квалификации состава преступления при нарушении экологических требований к хозяйственной или иной деятельности.

Ключевые слова: хозяйственная деятельность, экологические требования, экологическое преступление, окружающая среда, экологическая безопасность.

B.Zh. Aitimov, B.A. Seriev, D.N. Bekezhanov

Features of qualification of corpus delicti in violation of environmental requirements for economic or other activities

The article examines the features of qualification of corpus delicti in violation of environmental requirements for economic or other activities as one of the types of environmental criminal offenses. This crime is very rare in practice, which is evident from the lack of judicial practice depending on the nature of the crime. There are many reasons for this. One of the main reasons is the lack of theoretical studies that allow recognizing the composition of a socially dangerous act as a crime considered by Article 324 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, as well as insufficient competence of representatives of the bodies investigating these criminal acts. The purpose of the study is to determine the characteristics and difficulties in qualifying the crime considered in Article 324 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, and consider ways of solving it and ensuring its disclosure. The article notes that the main difficulty in qualifying the corpus delicti under Article 324 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan is the determination of the object of the crime. In authors' opinion its main reason is the blanketness of the norm. In committing this crime, the subject encroaches on environmental requirements for economic or other activities, which are considered in the Environmental Code of the Republic of Kazakhstan, as well as in land, water and other legislation regulating environmental protection. The article describes the corpus delicti using the methods of statistics, analysis and synthesis. As a result of the study the main points of qualification of corpus delicti in violation of environmental requirements for economic or other activities are considered.

Keywords: economic activity, ecological requirements, ecological crime, environment, ecological safety.